

ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

*Айтжанова А.Б.¹

¹М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан,

Аңдатпа. Демократиялық реформаларға, қоғам өмірін ізгілендіруге байланысты, әрі Қазақстан Республикасының ұлтаралық тұрақтылықты сақтауға, халықтың этникалық жаңғыруы мен қазақстандық патриотизмін нығайтуға бағытталған мемлекеттік мүддесіне орай, халықтық педагогиканың және оның идеяларының қазіргі қоғамдағы рөлі арта түсуде. Халықтық педагогиканың көптеген мәселелерін шешу, яғни оның әдіснамалық негіздерін, мақсаты мен міндеттерін, халықтық салт-дәстүрлердің мазмұнын, оларды тәрбие мен білім берудің осы заманғы тәжірибесінде пайдалану мүмкіндіктерін анықтау мен негіздеу жұмыстары ғалымдардың, тәжірибелі педагогтардың, білім беру орындарының, қоғамдық ұйымдардың күш біріктіруін талап етеді.

Ұлттық сананың өсіп, мәдени және рухани дәстүрлердің, тілдің қайта жаңғырған кезінде мектеп оқушыларын өз халқының рухани құндылықтарымен, ұлттық мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен түбегейлі, неғұрлым терең таныстыру қажеттілігі туады, яғни өткен мен бүгіннің және келешектің арасындағы рухани байланыс біріктіруші элемент болуы тиіс, бұларды жеткізуші – білім беру, мұғалімдер, дәстүрлер болып табылады.

Мақалада жеткіншек ұрпақтың адамгершілігін, имандылығын, патриоттық қасиеттерін нығайтуға жағдай жасайтын адамзатқа ортақ құндылықтарды, қазақ халқының тарихи тәжірибесін, сан ғасырлық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ескере отырып, қазақ отбасының және отбасылық дәстүрлерінің бала тәрбиелеудегі рөлі қарастырылады.

Тірек сөздер: ұрпақтар сабақтастығы, халықтық педагогика, қазақтың халық даналығы, салт жоралар, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, рухани байланыс, халықтық тәрбие

Кіріспе

Қазақ халқының рухани мұрасы өте бай, ол қыран қанаты талатын Қазақстанның ғасырлар тереңінен бастау алады, шынында да, еліміз қарт Каспийден Алтай тауларына дейінгі, Орал тауларынан Алатау шыңдарына дейінгі жерді алып жатыр. Қазақтар – Ұлы даланың тұрғындары – сан ғасырлардан бері ұлан-байтақ жері ортақ, тілі ортақ, ұлттық мәдениеті де ортақ болып келген. Осы топырақта қазақ даласының ұлы перзенті, ғұлама ғалым, Шығыстың Аристотелі атанған Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келген. Қазақтардың фольклоры да бай: оның бойына көшпелілердің халықтық педагогикасы мен халықтық психологиясының інжу-маржандары жинақталған. Он ғасырға жуық уақыт бойы арабтардың, моңғолдардың, жоңғарлардың шапқыншылық жасауы көне қазақ өркениетін бүлдірді. Бір ғана Отырар қасіретінің өзі, қазақ даласындағы осынау өркениет орталығы тұрғындарының қаһармандық күресі көп нәрсені еске салады. Тағылықпен қырып-жойғанына қарамастан, халқымыз қайталанбас мәдениетін, тілін мүлде дерлік өзгеріске ұшыратпай сақтап қала білді. Даланың тұңғыш философы Асан қайғының даналық толғаулары, нақыл сөздері бес ғасыр бойы ауыздан

ауызға, ұрпақтан ұрпаққа ауызша, сөзбе-сөз жетуі де таңғаларлық құбылыс. Бұл да халықтың этнопсихологиялық ерекшеліктерінен хабар береді.

Халықтық педагогикада жас ұрпақты өз бетінше еңбек етіп өмір сүруге даярлаудың, тәрбиелеудің сан алуан құралдары мен әдістері болды. Халықтың ауызша шығармашылығының барлық жанрлары бала тәрбиесіне молынан пайдаланылды.

Халықтың рухани байлығы халықтық педагогикамен, адамгершілік насихатымен, діннің рухани уағыздарымен өте тығыз байланысты. Сондықтан халықтық педагогика қалың бұқараның санасына тән рухани феномен, халықтың педагогикалық даналығы мен педагогикалық іс-әрекетінің бірлігі түрінде көрінетін эмпирикалық білімнің, мағлұматтардың, идеалдардың, көзқарастардың, түсініктердің, тәрбиелік әрекет қағидаларының қайнар көзі ретінде қарастырылады. Халықтық педагогика мен классикалық (ғылыми) педагогиканың арасында өзара диалектикалық байланыс бар. Бір жағынан, педагогика ғылымы халықтың тәрбиелеу мен оқыту тәжірибесінің барлық жақсы жақтарын бойына сіңіре отырып, халықтық педагогиканың жалғасы болып табылады. Сонымен бірге, халықтық (ұлттық) педагогика осы заманғы педагогика ғылымының құрамына кіреді, адамның қалыптасуы мен дамуына ортаның (табиғи және әлеуметтік) ықпал етуінің сан алуан құралдарын, мазмұндық ерекшеліктерін, көзқарасын білдіреді.

Материалдар мен әдістер

Халық педагогикасының мәселелерін «Чуваш халық педагогикасы» және «Этнопедагогика» монографияларының авторы Г.Н.Волков неғұрлым толық әрі жан-жақты зерттеді. Бұл зерттеушінің еңбектері аймақтық чуваш халықтық педагогикасының шегінен тым әрі асып, жалпы халықтық педагогиканың тұжырымдарын қалыптастыруда, оның ішінде тәрбие әдістері мен құралдарының, педагогикалық негізінің қыр-сырын анықтауда зор рөл атқарды. «Тәрбиелеу өнерінің бастауы – халықтық педагогикада». Халықтық педагогика үйлесімді жүйелермен емес, жекелеген табыстарымен, теориялармен емес тәрбие нәтижелерімен, яғни практикалық тәрбие әсерлерінің басымдығымен мықты» - деп жазады ол. Г.Н.Волков халықтық педагогика мен ғылыми педагогиканың сабақтастығын зерттеу барысында «халықтық педагогика себептік байланыстарды ашатын ғылыми жинақтауға дейін көтерілмейді, ол тек қана құбылыстың қандайда бір қайталанғыштығын көрсететін эмпириялық жинақтауды жүзеге асырады. Халықтық педагогика бір-бірімен байланыссыз немесе аз байланысқан жинақтаулар жиынтығын білдіреді. Халықтың педагогикалық көзқарастарында жүйе жоқ, халықтың тәрбие туралы білімі бөлек-бөлек, үзік-үзік. Ғылыми педагогика болса, бірыңғай ұстанымға негізделген тұтас жүйе» [1]

Ғалым Г.Н.Волковтың даналығы мынада, ол өзінің ізін басатын педагог-практиктерді сақтандырғандай болып, былай деп үйретеді: «Жалпы адамзаттық мәдениетке баратын жол ұлттық ерекшеліктен бас тарту арқылы емес, оларды жақсырақ тану арқылы, олардың жасампаз элементтерін барынша пайдалану арқылы өтеді. Сонымен қоса, тәрбиедегі ұлттық астарды

ескеру ұрпақтан-ұрпаққа ұлттық теріс түсініктерді, соқыр сенімдерді, ырымшылдықты, ескіліктің сарқыншағын, ұлттық шектеулер мен тұйықталушылықты жеткізуге кедергі жасайтын педагогикалық жағдай тудыруды қажет етеді». Бұл идеялар 30 жылға жуық бұрын айтылса да, әлі күнге дейін маңызды. Педагог-практиктерге, педагог-зерттеушілерге, ата-аналарға, жас ұрпақты тәрбиелеуге қатысы барлардың бәріне әдіснамалық бағдар ретінде оның мына сөздерін алуға болады: «Халықтың неғұрлым таза қалпы балалар бойынан көрінеді. Ұлттық сипат бала бойынан жоғалса, бұл ұлттың кұруға бет алғанын байқатады. Ұлттық пен интернационалдың арасында үздіксіз үйлесім болса, тәрбиедегі ұлттық сипат неғұрлым көбірек әрі интернационалдықпен бірлікте болса, әрине ұлт та соғұрлым күштірек, мәдениеттірек, рухани бай бола түседі». [2]

«Ұрпақтар сабақтастығы жеке тұлғаның әлеуметтік дамуының және халықтың рухани ілгерілеуінің факторы ретінде көрінетін тәрбие арқылы қамтамасыз етіледі. Тәрбиедегі сабақтастық ұрпақтар сабақтастығының басты жақтарының бірі бола отырып, тәрбиешілердің өздерінің арасында балалармен жұмыс істеудің біркелкілігін, үйдегі және қоғамдағы тәрбиенің үйлесімділігін, педагогикалық оптимизмді көздейді... Сабақтастық уақыт және кеңістік ішінде жүзеге асады. Сондықтан бүгінде тәрбие мәдениетінің этнопедагогикалық ерекшеліктерін теория және практикалық тұрғыда зерттеу және онымен қалың қауымды қаруландыру барынша көкейкесті мәселе болып отыр...». [3]

Енді осыдан туындата келіп, ғалым мынадай жаһандық зерттеу міндетін алға қояды: «Бұл жағдай әртүрлі ұлттардың, ұлттық топтардың, этностардың тұрмыс-тіршілігінің неғұрлым типтік тәсілдерін мақсатты түрде зерттеу қажеттігін тудырады. Бұл тұрғыдан келгенде ұлттық тәрбие халық бұқарасының немесе этникалық қауымның тұрмыс-тіршілігінің негізгі салаларының бүкіл кешенінің бір бөлігі ретінде көрінеді. Сондықтан, тәрбиенің этнопедагогикалық ерекшеліктерін зерттеу кезінде жаңсақ қорытындыға жол бермеу үшін әлеуметтік-мәдени және этномәдени құндылықтардың ауқымды кешеніне назар аудару қажет». Өйткені, «мәдениет – бір мезгілде әртүрлі адамдардың – бұрынғы, қазіргі және болашақ – мәдениеттердің, өмірі мен қарым-қатынасының формасы, осы мәдениеттердің диалогының және бірінен-бірі туындауының формасы».

Қазақ салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ғылыми зерттеулермен сипаттамаларды Ш.Уәлиханов[4], Ы.Алтынсарин[5], А.Диваевтардың[6] шығармаларынан кездестіреміз. Қазақтың тарихи ата-бабалары көшпелі өмір салтын ұстанған түркі тілдес тайпалар екенін айтқан. Көшпелі өмір дағдысы, ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық салты, ежелгі пұтқа табынушылық ғұрыптары, шаманизм элементтері халықтың дәстүрлі-тұрмыстық қарым-қатынас мәдениетін түзді, соның мазмұнынан халықтың даналығы көрінді.

Ш.Уәлиханов өз еңбегінде : «Табиғат адам үшін тіршіліктің сарқылмас көзі әрі кепілі қызметін атқарды. «Қазақтардың шамандық діни нанымды ұстануы басым болды, қазақтардағы шаманизм синкретті негізде. Онда табиғат культі және жан-жануарларға табыну көп кездеседі. Сонымен қатар шаманизм аруақтарға сенумен тығыз байланысты. Онда әсіресе ата-бабалар

рухына табыну айқын байқалады». Ш.Уәлихановтың «Тәңірі», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» және басқа еңбектеріне негізделген. Аталған еңбектерде шамандық қазақ арасында таралған түрінде табиғат күштерін кейіптеуді және өлген ата-бабалар рухын құрметтеуді білдіретіні айтылған. Көк аспанмен (Тәңірі) қатар, табиғаттың күн, жұлдыз, ай тәрізді өзге күштері кейіптелген. Тауларды, өзендерді, жоталарды, т.б. халық бұлардан құдыреті аздау десе де, кие тұтқан. Ата-бабалар рухына табыну ру мүшелерінің ру басшысын құрметтеуіне негізделген. «Қазақтарда аруақты қастерлеу салты қазіргі күнге дейін өз күшінде. Олар басына қауіп төнгенде, мұсылмандардың әулие-әмбиелеріне сыйынғаны сияқты ата-бабасының аруағын көмекке шақырады. Өмірдегі барлық сәттілікті аруақтардың көмегі жебеді деп түсінеді».[7]

Отқа табынудың да ерекше мәні болған. Қазақтар оттың киелілігіне, тазартушы күшіне құлай сенген. От ерте заманнан баспананың жебеушісі, үйдегі ғибадат орны саналған. «Шамандық сеніммен қатар әрі соның негізінде, бірақ оның шегінен біршама асып кеткен... қазақтың халықтық санасында... олардың ырымшылдығын көрсететін ұғым-түсініктердің, бейнелердің тұтас жиынтығы қалыптасқан, бұл соншалықты аңғал әрі қарапайым қалпында ұзақ уақыт бойы дала халықтарының дүниетанымына бағдар болып келді».[8] Халық өмірінің барлық жағына әсерін тигізді, шаруашылықтағы, тұрмыстағы, адамдар мен жануарларды әртүрлі аурулардан емдеудегі, бала туу мен тәрбиелеудегі, ру ішілік, ру аралық қақтығыстардағы, т.с.с. іс-қимылдарын реттеп, жөнге келтіріп отырды. Ертедегі қазақтардың ырымшылдығын көрсететін көптеген бейнелер жалпыға бірдей тәртіп ережелерінен және рулық дәстүр талаптарынан бас тартқан адамдарды әдеттен тыс әрі ақылға сыймас құбыжықтардың жазалайтындығымен қорқытып, үрейлендіруге арналды. Қалғандарына дұрыс іс-әрекеттері үшін сиқырлы жаратылыс иелерінің оң көзбен қарайтыны ескертілді. Осылайша, халық табиғатпен қарым-қатынас талаптары мен жөн-жобаларын кейінгілерге жеткізу арқылы дәстүрлі педагогикалық мәдениет жүйесіне адамгершілік мінез-құлықтың қайталанбас үлгілерін енгізген.

Қазақтардың ұғымында, тау, өзен, ағаштар шынайы дүние күштері, адам ауа райының қиын кездерінде жан сақтау үшін соларды көмекке шақырған. Өзін қолдауын, әулетіне береке әкелуін өтінген. Осыған байланысты әртүрлі ғұрыптарды өткізген. Табиғат нысандарын кие тұтудың тұтас жүйесі бар. Бұл жүйенің әрбір жеке бөлігі ғұрыптық қойылымдарға бай, қатысушы адамдары, философиялық-діни мазмұны бар ұлттық-этикалық сценарий іспетті. Алайда, көптеген табыну ғұрыптары бастапқы мағынасын жойып, жаңа заман жағдайына бейімделіп, сыртқы сипаттарын ғана сақтап қалғанын айта кету керек. Қазақтардың рухани өмірінен көптеген дәстүрлі діни ғұрыптар ғайып болды, дегенмен ру тауларына құлшылық, қайнар көзін кие тұту, отқа табыну тәрізді жекелеген элементтер бүгінгі күні де өзгермеген күйінде.

Ы.Алтынсариннің бірқатар этнографиялық еңбектері, оның ішінде «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу және үйлену дәстүрінің очеркі», «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және

оған ас беру дәстүрінің очеркі» адамдардың мінез-құлқының, іс-әрекетінің адамгершілік әдеп нормаларын баяндайды.

Отау көтеру. Жаңа отбасын құру. Қазақ халқында «отау көтеру» деген ұғым бар, яғни үйлену, жаңадан отбасын құру.

Келесі аспектісі – киіз үй символикасы – әлеуметтік (некелік) жағдайдың белгісі. Қазақта неке жасын белгілейтін «он бесте – отау иесі» деген сөз бар. Отау сөзі үйленгендердің киіз үйі мағынасын білдіреді. Отау тігудің құрметіне қой сойылған. Отау тігуге қатысқан әйелдер күйеу жігіттің анасынан шаңырақты көтергені үшін «шаңырақ көтерер», сыртын киізбен жапқаны үшін «отау жабар», және жаңа киіз үйді көруге «отау көрімдік» алады. Сойылған қойдың етінен барлық әйелдер дәм татқан.[9]

Ә.А.Диваевтың еңбектерінде қазақтардың мәдениеті мен тұрмысының барлық жағы дерлік көрініс тапқан: шаруашылық – мал бағу және егіншілік; материалдық мәдениет – баспана, тағам, киім; отбасы тұрмысы мәселелері – әйелдің жағдайы, балалардың ойындары, үйлену ғұрпы және басқалар; қоғамдық өмір, халықтың білімі, сенім-нанымы т.с.с. Диваевты халықтың рухани өмірінің әр алуан қырлары бәрінен де көбірек қызықтырған.

Ғалым «Түркістанның қазақ-қырғыздары» [10] деген этнографиялық жазбасында Ә.А.Диваев: «Ешқашан баспа жүзін көрмеген бұл баға жетпес этнографиялық материал ғылым жүзінен мүлде жойылып кетуі мүмкін екеніне менің көзім жетті. Өйткені көшпелілерде баспа туралы айтпағанда, қағазға түсірілген ештеңе жоқ: бүгінгі күнге дейін олар ұрпақтан-ұрпаққа бәрін де ауызша жеткізіп отырған» [11] дейді. Міне, осыны түсінгендіктен ғалым тынбай материал жинауға бел байлап, Түркістан өлкесінің ауылдары мен уездерін аралауға көп уақытын жұмсады, жергілікті тұрғындармен әңгімелесті, әртүрлі ғұрыптық іс-шараларға қатысты.

Ә.А.Диваев материалды жинап әрі жариялай отырып, халық ауыз әдебиетінің белгілі бір үлгісіне тән тәрбиелік мәселелерге тоқталғанын, өзі жинаған қазақ халқының поэзиялық мұрасын, ертегілерді түрге бөліп, жіктегенін айта кету керек. Ғалымның жинаған материалдарында тәрбие мәселесіне байланысты зор көлемдегі ақпарат бар: отбасы, ата-аналар мен балалар, достық пен махаббат, шындық, жолдастық туралы.

Халықтың тұрмысы мен мәдениетін зерттеу міндетін Диваев Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында жазылған мақалаларының бірінде тұжырымдады. «Көп тайпалы халықпен жұмыс істеу үшін, - деп жазды ол, - әрбір топтың психологиялық ерекшеліктерін, олардың дәстүрлерін, идеалдарын білу қажет. Ал мұның бәрі өткен шақтан табылады. Тарих бізге өлкенің қазір шөлге айналған көптеген жерлерінің бұрынғы гүлденген кездерін, осындай қайғылы нәтижеге ұшыратқан себептерді айтып береді, кензесі кепкен далаға тағы да тіршілік нәрін себу амалдарын да көрсетуі мүмкін.[12]

Диваевтың этнографиялық жұмыстарының басым бөлігі отбасылық қарым-қатынастар мен әдет-ғұрыпты зерттеуге арналған. Оның көптеген мақалалары осы тақырыпты қамтиды: «Түркістанның қазақ-қырғыздары», «Қырғыздың бесік жырлары», «Қырғыздардағы ат қою мәселесі туралы»,

«Қырғыздар балаларын қалай ойнатады», «Қырғыз жастарының көне ойындары», «Сырдария облысы қырғыздарының үйлену салты жөнінде», «Ежелгі қырғыздардың жерлеу ғұрыптары» т.б. Бұл еңбектерінде салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар егжей-тегжейлі баяндалады, ғұрыптық жырлардың, жоқтаулардың, т.с.с. мәтіндері қоса беріледі.

«Сырдария облысы қырғыздарының үйлену салты жөнінде» [13] атты очеркінде Диваев құда түсу тәртібін, қалың мал мөлшерін, күйеудің ұрын келуін, неке қию салтын және басқа үйлену ғұрыптарын сипаттаған. Автор бұл очеркінде «Аужар» және «Беташар» жырларының мәтінін келтіреді. Очеркке берілген түсініктемеде әртүрлі авторлардың қалың малға көзқарастары келтірілген, құда түсуге әйелдердің қатысы, күйеудің ауылдағы әйелдерге арнайтын сыйлығының саны мен мөлшері т.б. баяндалған.

Диваев кейбір отбасылық ғұрыптардан ежелгі сенім-нанымның қалдықтарын табады. Мысалы, ол мынадай ғұрыпты атап өтеді: келін қайын атасының босағасын алғаш аттаған кезде, қайын енесі киіз үйдің ортасында жағылған отқа бір кесек май тастайды, ал келін табалдырықта тұрып, үйде отырған үлкендерге сәлем салады; бұл дәстүрді ол «пұтқа табынушылықтың» сарқыншағына жатқызады. Сондай-ақ ол қоныс аудару кезінде екі оттың ортасынан өту ғұрпын да осылай түсіндіреді.

Диваев бірқатар мақалаларында мұсылмандардың әдет-ғұрыптары мен мерекелерін сипаттайды. Мысалы, ол ораза ұстауды, ораза айтын, құрбан айтын меркелеуді, бойтұмар тағып жүруді, «киелі орындарға» баруды, ас беру мен дұға оқуды сөз етеді. Бұл тұрғыда оның «Қасиетті Қорқыт атаның моласы туралы біраз сөз» [14] очеркі ерекше қызығушылық тудырады.

1921 жылғы экспедицияның этнографиялық материалдарын өңдеу нәтижесінде Диваевтың «Қазалы уезі қазақтарының этнографиялық тыныс-тіршілігі» атты үлкен мақаласы дүниеге келді. Осы жарияланбаған мақала Кеңес үкіметінің қалпына келтіру кезеңіндегі қазақ еңбекшілері дүниетанымы мен халық өмірін зерттеудің құнды бастауына жатады. Диваев Қазалы уезінде тұратын қазақтардың ру-тайпалық құрамына қысқаша тоқтала келіп, қазақтардың шаруашылығын - малшылықты, егіншілікті, суландыруды, т.с.с. жан-жақты сипаттауға көшеді. Әрі қарай материалдық мәдениетке егжей-тегжейлі сипаттама беріледі. Киіз үй, қыстаулар, құрылыс салу дәстүрлері, киімдер туралы өте қызықты баяндайды. Қазақтардың отбасылық тұрмысы, отбасындағы әйелдердің орны, рухани мәдениет пен сенім-нанымдары жөніндегі очеркке көп орын берілген. Бұл еңбектің ерекше қызықты болуының бір себебі, Қызылорда облысының Қазалы ауданы қазақтарының материалдық мәдениеті этнографиялық әдебиетте мүлде дерлік сөз етілмеген еді.

Нәтижелер және талқылау

Этикет әлеміне – адамгершілік қарым-қатынастар мен өзара іс-әрекетке бай әдет-ғұрыптары бар дәстүрлі өмірге иек арту – осының бәрі қоршаған өмір шындығымен байланыс арқылы, жас адамды әлеуметтендіру үшін жасалған әлеуметтік орта институттары арқылы танылады.

Отбасы бұл жүйеде адамды алдағы өмірге дайындаудың маңызды өзегі саналады, онда мінез-құлықтың негізгі моделі бойға сіңіріліп, артынша отбасынан тыс қарым-қатынастарға көшіріледі. Адамгершілік тәрбиесі бұл моделдің басым негізі болады. Дәстүрлі қазақ отбасындағы адамгершілік тәрбиесі адамгершілік мінез-құлық кодексі қызметін атқаратын халықтық педагогика идеяларының, әдеп нормаларының жиынтығына сүйенеді. Халықтың моралдық-этикалық және әлеуметтік білімінің энциклопедиясы да осылардан құралады.

Осы мағынада, отбасы тәрбиесінің негізі ретіндегі киіз үй және онымен байланысты іс-әрекет ережелерінің жүйесі қазақтардың ұлттық этикетінде ерекше орын алады. Әрі қарай адамның киіз үй ішіндегі іс-әрекетінің, адамгершілік негізі қызметін атқаратын басты сипаттарына ғана қысқаша тоқталып өтеміз.

Көшпелі халықтардың ежелгі түсінігі бойынша киіз үй – өз алдына микроәлем – ғарыштың және Ғалам ұштағанының символы, игерілген кеңістіктің символы. Оның ішіндегі барлық әрекеттер кеңістіктің орналасуына сәйкес қатаң түрде реттелген. Ережелер мен тыйымдардың тұтас кешенін белгілеуге ықпал ететін семантикалық мәні бар нысандарға мыналар жатады: ошақ, есік, босаға, үй ортасы және төр, орталық. Ең алдымен киіз үйге және оның ішіндегі (босаға, ошақ, төр), сондай-ақ оң және сол жағындағы іс-әрекетке байланысты этикетті қарастырайық. Киіз үйдің ортасы (ошақ) ас әзірлейтін және суық мезгілде жылынатын орын. Киіз үйдің есігіне қарама-қарсы құрметті орын – төр орналасады. Қонақтар, құрметті адамдар сол орында отырған. Есік түбіндегі орын босаға деп аталған. Киіз үйге кіре берістің оң жағында үй мүліктері, ыдыс-аяқ тұрған, сол жағында – ат әбзелдері. Босағадан оңға қарай шымылдықымен жабылған үй иелерінің төсек орны тұрады.

«Дәстүрлі көшпелі қоғамның этикеттік нормалары ауылға және киіз үйге шауып немесе жүгіріп келуге тыйым салған (ауылға қарай шаппа, жүгірме) - бұл әлдекімнің қазасын хабарлаудың белгісі саналған». Киіз үйдің ішіне топталмай, бірінің артынан бірі кіру керек болды, өйткені, топталып кіруге жерлеу, ас беру ғұрыптары кезінде ғана рұқсат етілген.

Сондай-ақ ер адамның жолын кесіп өтуге де тыйым салынған. Бұл оның жолын сәтсіздікке апарып соқтыруы мүмкін делінген. Іс-әрекетті реттейтін көптеген тыйымдар, мысалы киіз үйге есік жақтан ат басын тіреп келуге тыйым салу қазақтардың дәстүрлі құқығында бекітілген.

Қазақтар киіз үйге қолына қамшы ұстап кіруді де жөн санамаған. Сондай-ақ ауызға бірдеңені шайнап кіруге де болмайтын; керісінше, ауызға бірдеңе салып шығу жақсылық белгісі саналды: «Досыңның асын қасындай іш, қасыңа барарда қанып іш». «Дүшпан үйіне жеп кір, дос үйінен жеп шық». Киіз үйге бас сұққан адамға міндетті түрде «тамақ ауыз тиюді» ұсынады. Ауыз тиюден бас таруға болмайды.

Қазақтың көшпелілік этикетінде киіз үй ішіндегі адамның некелік байланыстар жүйесіндегі орнына байланысты іс-әрекетін реттейтін талаптар бар. Күнделікті өмірде киіз үйдегі құрметті орында – төрде ер адам – үй иесі

отырған. Оның сол жағы – әйелінің орны. Киіз үйдің сол жақ бөлігінде, есікке таяу маңда келін отыратын болған.

Этикет сонымен қатар киіз үй ішінде дұрыс отыруға да жол нұсқайды. Тыйым салынған отырыстар: «бір нәрсеге сүйеніп отырмау», «таянып отырмау» - бұл «науқас адамның отырысы» саналған; «жер таянып отыруға болмайды», себебі бұлай отыру қайғы-қасыретті, жақын адамның қазасын білдіретін отырыс; «жағынды, маңдайыңды таянып отыруға болмайды», бұл да уайым-қайғыны аңғартатын отырыс, т.с.с. Қолды төбеге көтеріп немесе желкеге қойып отыруға, қолды қусыруға да тыйым салынған. «Қолыңды қусырсаң, құдай қолыңды байлайды» деп есептеген.

Сондай-ақ тізені құшақтап отыруға, қолмен тізені тартып отыруға, жұртқа қарап керілуге тыйым салынған, жастардың жамбастап жатуына болмайды – бұл егде адамдардың жатысы; тамақты жатып ішуге болмайды – бұл ауру, дәрменсіз адамға тән нәрсе саналған.

Киіз үй ішінде жүрелеп отыру да дұрыс емес. Қазақта ер адам ғана осылай отыруы мүмкін, әрі бұл оның аз уақытқа келгенін, асығыс екенін білдіреді. Бұл отырыстың тағы бір мағынасы – отбасы да, малы да, мүлкі де жоқ кедейлер мен қаңғыбастар ғана осылай отырған.

Қазақтар «малдас құруды» ер адамның дұрыс отыру тәсіліне жатқызған. Күйеуі бар әйел, бәйбіше ошаққа жүзін қаратып, оң аяғын астына басып, сол тізесін бүгіп отыруы тиіс болған. Отырудың бұл түрін кейде қымыз, шай т.б. құйған кезде ерлер де қолданған, бірақ олар ерлер жаққа қарама-қарсы отырғандықтан, астына басатын және тізесін бүгетін аяқтары әйелдердікіне керісінше. Сонымен қатар қазақта мыналар да әйелге тән отыру тәсілі саналған: бір қырындап, аяқтарын астына басып отыру; табанын көйлегінің етегімен жауып отыру.

«Киіз үй ішіндегі іс-қимыл этикетін» сақтаудың тұлға аралық, отбасы ішілік қарым-қатынастың адамгершілік-этикалық тәжірибесін тарату, адамның әлеуметке кірігуі тұрғысынан тәрбиелік мәні зор болды. Этикеттік ақпаратқа бай мынадай сюжеттерді де атап өтейік – тамақ ішуге, сыйлықты қабылдауға, қонақты күтуге қатысты және басқа да ережелер. Күнделікті отбасындағы ас ішудің ешқандай ерекше талаптары болмаған. Үйдегілер дастархан басына отырған сайын, үйді жебеуші рухқа бәрінен аздап: май, ет, т.б. үлес бөліп қою қажет болған. Отағасы үйде жоқ болса, әйелі міндетті түрде оған тиесілі тағамды қалдырып отырған. Әйел бірінші қайнатылған шайды былайша құйып берген: әуелі еріне, содан кейін ең кішкентайына және басқаларына, ал егер дастарханда қонақ отырса, бірінші кесені соған ұсынады, шайды ернеуіне дейін толтырып құюға болмайды. Қазақ дәстүрі бойынша, жолаушылап келген, қоналқаға тоқтаған әрбір адамға «сыбаға» - асылған еттің мүшесі тиесілі.

Бәйбіше сараң болуға тиіс емес, сараң әйелді халық құрметтемейді: «Атың жемқор болса – құдайдың бергені, әйелің сараң болса, құдайдың ұрғаны»; «Жақсы болса алғаның, үйіңнен жолдас кетпейді, жаман болса әйелің, шын досың да шеттейді».

Бұл жерде сараңдықты сынайды, мұндай адамның үйіне ешкім кіргісі келмеген. Дастархан этикеті халық тәрбиесінің жомарттық және адамдардың бір-біріне көңіл бөлуі сияқты идеяларына тағы да бір назар аудартады. Осылайша ұлттық этикет кез келген мәдениеттің неғұрлым ауқымды саласы ретінде дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің айнасы әрі балаларға адамгершілік тәрбие берудің тиімді құралы; ол арнайы, осы мәдениетке ғана тән үлкендер мен балалардың өзара қарым-қатынас түрлерін қалыптастыруға негіз болады[15].

Халықтық педагогиканың негізгі факторларының біріне тәрбие мен тура әрі тікелей байланысы бар ойын жатады. Ойындардың бала тәрбиесіндегі мәні зор, өйткені онда сөз, әуен және әрекет тығыз байланысқан. Балалар ойындарының маңызды рөлі – ептілікті, тапқырлықты, батылдықты дамытуында, сонымен қатар ойындар көркем-драмалық құбылысқа да жатады. Қазақтар ойын арқылы қоғамдық тәртіпке, халық дәстүріне құрметпен қарауға баулыған, белгілі бір мінез-құлық ережелерін үйреткен[16]. Ойын қазақ балалары үшін маңызды жұмыс, ересек өмірге, еңбекке дайындайтын сабақ іспетті. Ойындар еңбек мерекелерімен астасып, еңбектің соңғы кезеңіне, тіпті еңбек үдерісінің өзіне құрамдас элемент ретінде енеді. Сөйтіп, ойындар еңбекке дайындайды, ал еңбек ойындармен, көпшілікке ортақ көңілді сауықпен аяқталады. Балалар ойынды ерте бастайды, сөйлеуді үйренбей тұрып бастайды, тіпті өзінің саусақтарымен ойнау да баланың өзін және қоршаған әлемін тануға көмектеседі.

Халықтық тәрбие жүйесінің адамгершілік бастаулары айқын көрінетін осы отбасылық дәстүрлер бала бойында мейірімділік, ашық мінезділік, тектілік, жауапкершілік, елгезектік сияқты адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына, тұрақты адамгершілік мінез-құлықтың қалыптасуына жол ашқан. Қазақ дәстүрлерін зерттеуші ғалымдарымыз Ұзақбаева С.А.[17], Қожахметова К.Ж.[18], Қалыбекова А.А.[19]., еңбектерінде кеңінен айқын сипатталады.

Аталған ғалымдар еңбектері мен кітаптарын негізге ала отырып, кафедра магистранттары мен оқытушылардың ұйымдастыруымен 9 мектеп - лицейінде 5 сынып оқушылары арасында «Қазақтың қандай халық ойындарын білесің?» атты жарыс өткізіліп, соның нәтижесі бойынша ата-аналар мен жұртшылықтың қатысуымен қазақтың халық ойындарынан жарыстар өткізілді. Өткізілген шара ата-аналар мен оқушылар арасында қазақ ұлттық ойындарына, қазақ салт-дәстүрлеріне деген қызығушылықтарын арттырды.

Осы айтылғандардың барлығы халық шығармашылығының нақты туындыларында көрініс тапқан және халықтың педагогикалық мәдениетінің негізін құрайды. Дәстүрдің, салттардың, әдет-ғұрыптардың тәрбиелік мәнін сөз ете отырып, біз мысал ретінде әрі қарай бұл еңбегімізде олардың кейбіреуіне этнопедагогикалық сипаттама береміз. Олар – халықтың педагогикалық мәдениеті мен данышпандығы бейнеленген өмір оқулығы іспетті.

Өскелең ұрпақтың рухани мәдениетін қалыптастыруда отбасы, ата-ана, мұғалімдер, мектеп, жоғары оқу орындарының рөлі үлкен. Олардың арасында

өз ана тілін, рухани мәдениеті мен салт-дәстүрлерін білетін, қазақстандық патриотты тәрбиелейтін ортақ мақсаты болуы тиіс.

Осындай мақсатпен мақалада айтылған салт -дәстүрлер түрлерін Шымкент қаласының №24 ші С.Ерубасев атындағы мектеп - лицейінде, №45 Королев атындағы мектепте тәрбие әдісі ретінде оқушылар арасында «Бесікке салу», «Тұсау кесер», «Қызды оң жаққа шығару», «Мүшел жастан шығару», «Наурыз мерекесі», «Мақал-мәтел айту жарысы» сияқты іс-шаралар өткізіліп, оқушылар мен ата-аналар, жұртшылық тарапынан үлкен қызығушылық пен қолдау тапты.

Халықтың салт-дәстүрлерінің ең биік әрі қасиетті тәрбиелік парызы – жас ұрпақты алдыңғы толқынның жасаған игіліктерінің барлығын құрметтеуге үйрету, олардың әрқайсысы халықтың рухани мәдениеті саналатын алып мұхитқа тамшыдай өз үлестерін қосуға көмегін тигізеді.

Қорытынды

Халықтық дәстүрлер шын мәнінде халықтың білімін, мәдениеті мен өмір тұрмысын көрсетеді, олардың негізін құрайды және тәрбие тәжірибесінде пайдалануға жарайды. Сондай-ақ, біздің ойымызша, халықтық педагогиканың идеяларын халық білімінің жалпы көлемінен бөліп алып, оларды этнопедагогикалық маңыздылығы, яғни тәрбиелік және танымдық мәні тұрғысынан қарастыруға болады. Оның үстіне, халықтық педагогиканың идеяларын, халықтық салт-дәстүрлерімізді ұрпақ тәрбиесінде қолдану, іске асыру оларды этнопедагогикалық «жарақтандыруды», педагогикалық тұрғыда мінсіз ойластыруды, жобалауды және жүзеге асыруды талап етеді, мұны, әрине, педагогтар атқаруы тиіс.

Ата-аналар, педагогтар, тәрбиешілер жас ұрпақ бойына қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан, мақал-мәтелдермен өрнектелген салт-дәстүрлерін сіңіруіне, уақыттың да, өмірдің қатал сындарының да әмірі жүрмейтін дана халықтың өзіне тән сұлулығы мен данышпандығын түсінуіне, ата-бабаларының ерлік істеріне деген мақтаныш сезімін дамытуға күш салуына болады. Өйткені, ғасырлар тереңінен бастау алған ұлттық «тамырыңды» білгенде ғана балалар мен жастарды өткеннің игіліктерін құрметтеуге, Туған жерге шынайы махаббатқа тәрбиелеуге және оларды алған білімін сақтайтын әрі келешек ұрпақтарға мұқият табыстайтын Отанының нағыз патриоттары етіп тәрбиелеуге болады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Волков Г.Н. Этнопедагогика. /Под редакцией члена-корреспондента АПН СССР, профессора И.Т.Огородникова. – Чебоксары, 1974.

[2] Волков Г.Н. Этнопедагогика. /Под редакцией члена-корреспондента АПН СССР, профессора И.Т.Огородникова. – Чебоксары, 1974.

[3] Валиханов Ч.Ч. Дневник поездки на Иссык-Куль //Собр. соч. Алма-Ата, 1961. – Т.1 – С.259.

[4] Алтынсарин И. Очерк обычаев при похоронах и поминках у киргизов Оренбургского ведомства. Записки Оренбургского отделения Императорского Русского Географического Общества. – Казань, 1870. – Вып.1. – С.277-456.

- [5] Диваев А.А. Казак-киргизы Туркестана: (Этнографический очерк) //Туркестанский настольный календарь на 1919г. – Ташкент, 1918. - С.1-2.
- [6] Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов //Собр. соч. в 5-ти т. – Алма-Ата, 1961. – Т.1. – С.469-493.
- [7] Алтынсарин И. Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского воеводства //Собр. соч. Т.2. - С.14.
- [8] Диваев А.А. Казак-киргизы Туркестана: (Этнографический очерк) //Туркестанский настольный календарь на 1919г. – Ташкент, 1918. - С.1-2.
- [9] Диваев А.А. К первой лекции киргизской этнографии //Народный университет. - 1918. - №12. – С.2-4.
- [10] Тимошинов В.И. Культурология: Казахстан-Евразия – Восток – Запад. Учебное пособие. – Алматы: Ниса, 1997. – 336с.
- [11] Жарыкбаев К.Б. Қазақтың тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. – Алматы: Рауан, 1996. – Б.22.
- [12] Узакбаева С., Айтбаева А. Казахские народные детские игры. Учебное пособие. – Алматы, 2000. – 171с
- [13] Узакбаева С.А. Глубокие корни воспитания. (Тамыры терең тәрбие). На каз.яз. – Алма-Ата, 1995. – 112с
- [14] Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедagogика: методология, теория, практика. - Алматы: ҒЫЛЫМ, 1998. - 317 с
- [15] Калыбекова А.А. Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы. Қаз.тілінде -Алматы, Баур, 2011ж. – 179 б.

REFERENCES

- [1] Volkov G.N. Etnopedagogika (Ethnopedagogy). /Pod redaktsiyey chlenakorrespondenta APN SSSR, professora I.T.Ogorodnikova. – Cheboksary, 1974. [in Russ]
- [2] Volkov G.N. Etnopedagogika. (Ethnopedagogy). /Pod redaktsiyey chlenakorrespondenta APN SSSR, professora I.T.Ogorodnikova. – Cheboksary, 1974. [in Russ]
- [3] Valikhanov CH.CH. Dnevnik poyezdki na Issyk-Kul' (Diary of a Trip to Issyk-Kul) //Sobr. soch. Alma-Ata, 1961. – Т.1 – S.259. [in Russ]
- [4] Altynsarin I. Ocherk obychayev pri pokhronakh i pominkakh u kirgizov Orenburgskogo vedomstva (Essay on Funeral and Wake Customs among the Kirghiz of the Orenburg Department). Zapiski Orenburgskogo otdeleniya Imperatorskogo Russkogo Geograficheskogo Obshchestva. – Kazan', 1870. – Vyp.1. – S.277-456. [in Russ]
- [5] Divayev A.A. Kazak-kirgizy Turkestana: (Etnograficheskiy ocherk) (Kazakh-Kirghiz of Turkestan: (Ethnographic essay)) //Turkestanskiy nastol'nyy kalendar' na 1919g. – Tashkent, 1918. - S.1-2. [in Russ]
- [6] Valikhanov CH.CH. Sledy shamanstva u kirgizov (Traces of shamanism among the Kirghiz) //Sobr. soch. v 5-ti t. – Alma-Ata, 1961. – Т.1. – S.469-493. [in Russ]
- [7] Altynsarin I. Ocherk obychayev pri svatovstve i svad'be u kirgizov Orenburgskogo vedomstva (Essay on the customs of matchmaking and weddings among the Kirghiz of the Orenburg department) //Sobr. soch. Т.2. - S.14. [in Russ]
- [8] Divayev A.A. Kazak-kirgizy Turkestana: (Etnograficheskiy ocherk) (Etnograficheskiy ocherk) (Kazakh-Kirghiz of Turkestan: (Ethnographic essay)) //Turkestanskiy nastol'nyy kalendar' na 1919g. – Tashkent, 1918. - S.1-2. [in Russ]
- [9] Divayev A.A. K pervoy lektzii kirgizskoy etnografii (On the first lecture on Kyrgyz ethnography // People's University.) //Narodnyy universitet. -1918. - №12. – S.2-4. [in Russ]
- [10] Timoshinov V.I. Kul'turologiya: Kazakhstan-Yevraziya – Vostok – Zapad (Culturology: Kazakhstan-Eurasia – East – West. Study guide). Uchebnoye posobiye. – Almaty: Nisa, 1997. – 336 s. [in Russ]

[11] Zharyk bayev K.B. Kazak, tyñ tәlím-tәрbiyesiniñ ğylymi-pedagogikalyk, negizderi (Scientific and pedagogical foundations of Kazakh education). – Almaty: Rauan, 1996. – B.22. [in Kaz]

[12] Uzakbayeva S., Aytbayeva A. Kazakhskiye narodnyye detskiye igry (Kazakh folk children's games). Uchebnoye posobiye. – Almaty, 2000. – 171s [in Russ]

[13] Uzakbayeva S.A. Glubokiye korni vospitaniya. (Tamyry tereñ tәрbiye) (Deep roots of education). Na kaz.yaz. – Alma-Ata, 1995. – 112 s [in Kaz]

[14] Kozhakhmetova K.ZH. Kazakhskaya etnopedagogika: metodologiya, teoriya, praktika (Kazakh ethnopedagogy: methodology, theory, practice). - Almaty: Ğylym, 1998. - 317 s [in Russ]

[15] Kalybekova A.A. Kazak, khalyk, tәрbiyesiniñ asyl mūrasy (The precious heritage of Kazakh national education). Kaz.tilinde -Almaty, Baur, 2011zh. – 179 b. [in Kaz]

ВОСПИТАНИЕ НА ТРАДИЦИЯХ КАЗАХСКОГО НАРОДА И ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ПОКОЛЕНИЙ

*Айтжанова А.Б.¹

¹ЮКУ им. М.Ауезова, Шымкент, Казахстан,

Аннотация В связи с демократическими реформами, гуманизацией общественной жизни и исходя из государственных интересов Республики Казахстан, направленных на сохранение межэтнической стабильности, утверждения казахстанского патриотизма и этнического возрождения народов в современном обществе продолжает возрастать роль народной педагогики и ее идей. Решение большинства проблем народной педагогики, т.е. определение и обоснование ее методологических основ, целей и задач, содержания народных традиций, обычаев, возможностей их использования в современной практике воспитания и образования требует совместных усилий ученых, педагогов-практиков, органов образования, общественных организаций.

В условиях роста национального самосознания, возрождения культурных и духовных традиций, языка возникает необходимость основательного, более глубокого знакомства молодежи с духовными ценностями своего народа, с его национальной культурой, обычаями и традициями, т.е. скрепляющим элементом должна быть духовная связь между прошлым, настоящим и будущим, ее носителями являются – образование, учителя, традиции.

В статье рассматривается роль казахской семьи и семейных традиций в воспитании детей с учетом общечеловеческих ценностей, исторического опыта казахского народа, многовековых традиций и обычаев, которые создают условия для укрепления нравственности, вера и патриотизм молодого поколения.

Ключевые слова: преемственность поколений, народная педагогика, народная мудрость казахов, ритуалы, обычаи, традиции, духовная связь, народное воспитание

EDUCATION ON THE TRADITIONS OF THE KAZAKH PEOPLE AND THE CONTINUITY OF GENERATIONS

*Aitzhanova A.B.¹

¹M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

Abstract. In connection with democratic reforms, humanization of the social life and based on the national interests of the Republic of Kazakhstan, directed at the preservation of inter-ethnic stability, strengthening of Kazakhstani patriotism and ethnic revival of peoples in modern society, the role of folk pedagogy and its ideas continues to grow. Joint efforts of scientists, teachers, educational institutions and public organizations are required to solve the majority of problems of

the folk pedagogy, that is, to determine and substantiate its methodological basis, goals and tasks, content of folk traditions, customs, and opportunities for their application in the current practice of education and teaching.

Under conditions of growing national consciousness, revival of cultural and spiritual traditions and language, it is vital for school students to acquire fundamental and deeper knowledge of the spiritual values of their nation, national culture, customs and traditions. Spiritual connection between the past, present and future should become a cementing element, carried out by education, teachers and traditions.

The article considers the role of the Kazakh family and family traditions in raising children, taking into account the values common to humanity, the historical experience of the Kazakh people, centuries-old traditions and customs, which create conditions for strengthening the morals, faith, and patriotism of the younger generation.

Keywords: the succession of generations, folk pedagogy, folk wisdom of the Kazakhs, rituals, customs, traditions, spiritual connection, public education

Мақала түсті: 20 қараша 2024